

## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы

Соғыс кезінде барлық бұқаралық-саяси және мәдени-ағартушылық жұмыстар тыл еңбеккерлерінің моральдық рухын нығайтуға, олардың күштерін майдан үшін жұмысқа жұмылдыруға бағытталды. Оған партия және комсомол насихатшылары жұмысы, көркем өнерпаздар, қабырға және радиогазет материалдары қызмет атқарды. «Балқаш жұмысшысы», «Балхашский рабочий» жергілікті газеттер күнделікті төрт бет болып басылып, майдан мен тыл жаңалықтарын, еңбек азаматтарының табыстарын көрсетіп, халықтың қайғы-қуанышын, ерлігін дәріптеп, кемшілігін ашатын сын мақалаларды да беріп отырды. Соғыс жылдары «Прибалхашская правда», «Балхашский рабочий» (редакторы И. Татар), «Балқаш жұмысшысы» (редакторы Т. Ахметов) газеттері үзбей, толық қанды түрде шығып тұрды. Ұлы Отан соғысы кезінде Балқаш жұртшылығының тылдағы ерен еңбегі, майданға көмегі, балқаштықтардың отты майдандағы ерліктері осы ақпарат құралдарының беттерінен көрініс тауып отырды.



«Младшая сестра» қойылымы.  
Қарағанды драма театры. БМЗ клубы.



## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы жалғасы

«Балхашский рабочий», «Балқаш жұмысшысы» газеттерінде елімізге танымал - Төкен Ахметов, Шәкір Ыбраев, Жазыбек Төлендинов, А.Сергеев, В.Сапрыкин, А.Сулацков, ақын Руфь Тамарина, В.Аляпин, В.Подовинников, В.Порфентьевтер сияқты ақын, жазушылар, журналистер жұмыс істеді. 1942 жылы 31-наурызда Балқаш қаласына эвакуациямен келген Москва мемлекеттік камерлік театры соғыс жылдарында қаланың мәдени өмірінде болып өткен ерекше оқиғалар қатарына жатады. Театр ұжымы қалада болған 4 айлық гастрольдық жұмысында мысшылар қаласы мен Қоңырат кеніші еңбекшілеріне халық әртісі А.Кооненің қатысуымен қойылған «Батальон батысқа кетіп барады», «Өлімнен де күшті», «Шегіршін түбіндегі махаббат» спектаклдерін көрсетті.

Областной отдел по делам искусств  
 КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ РУССКИЙ ДРАМАТИЧЕСКИЙ ТЕАТР

12 Звезда 12

**ЗА ВТОРЫМ ФРОНТОМ**

Пьеса в 9 действиях, 5 картинах

Постановка гл. режиссера М. А. СОКОЛОВА  
 Художник Ф. И. ТНАЧЕНКО

**ДЕЙСТВУЮЩИЕ ЛИЦА И ИСПОЛНИТЕЛИ:**

Таня (героиня, партизан)	Соловьев И. И.	Мать Елена	Лавренко М. А.	Антон Крутой	Суданский А. А.	Доктор Крутой	Тельнов А. А.	Доктор Крутой (мл.)	Хвостов Г. Г.	Доктор Крутой	Соловьев И. И.	Родитель Крутой	Тельнов А. А.	Сон Гайков	Суданский А. М.	Коллектор Крутой, в-н коллектор	Орлов В. В.
Соловьев Т. В.	Соловьев А. А.	Петрова Ю. А.	Петрова Е. А.	Мальцева О. А.	Суданский В. В.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.	Васильев А. А.

**ГЛАВНЫЙ РЕЖИССЕР М. А. СОКОЛОВ**

Начало вечерних спектаклей в 8 ч. 30 м. веч. Дневных в 12 ч. 30 м. дня  
 Касса открыта с 10 час. дня Раздеваться обязательно

После третьего звонка вход в зрительный зал прекращается.

ДИРЕКЦИЯ.



## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы

### жалғасы

Ертең, 6 желтоқсанда Жаткин мен Вечораның «Өлімненде күшті» деген пьесасын қоюмен Москваның Мемлекеттік Камера Театры біздің қаламызда өз жұмысын бастайды. Бұл постановка үшін бас суретші Е. Коваленконың арнаулы эскиздері бойынша декорациялар жасады. Спектакль басталар қарсаңында театр басшылығы едәуір жұмыстар істеді - клубтың сахнасы қайта жабдықталды: электр жарығын беретін жаңа аппаратура қойылды және басқалар істелді. Балхашқа келген әртістердің негізгі құрамының ішінде – РСФСР дың халық әртісі Аліса Коонен, РСФСР дың еңбегі сіңген әртісі Е.А. Уварова, РСФСР дың еңбегі сіңген әртісі С.С. Ценин, әртістер В.В. Беленькая, А.Ф. Гусева, А.Н. Имберг, Е.А. Лапина, В.А. Лейбович, Е.Н. Новодержина, С.В. Бобров, В.Н. Ганшин, М.З. Гольцин, В.А. Людовский, А.А. Нахимов, А.И. Нежданов, В.И. Новиков, В.М. Колпаков, С.С. Князев, Г.В. Петровский, Б.А. Терентьев, Н.Н. Чаплыгин, В.В. Черневский, Г.А. Яниковский, И.Б. Шеремей, Ю.О. Хмельницкий театрдың көркемдік жөніндегі жетекшісі РСФСР дың халық әртісі А.Я. Таиров, суретшілер В.Ф. Кривошеина және Е.К. Коваленко, жарық беру бөлімінің меңгерушісі Г.К. Самойлов, музыка бөлімінің меңгерушісі А.А. Александров, театр директоры Я.З. Богатырев, бас администратор А.Левин.



Аліса Коонен  
Москва камерлық  
театрының  
актрисасы



А. Чужбанин  
Қарағанды  
драм. театрының  
режисеры



А. Бозина  
Қарағанды  
драм. театрының  
актрисасы



## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы жалғасы

Кезекті премьерлер – 13 желтоқсанда Шейнин мен ағайынды Турлардың «Очная ставка», Камера театрының варианттары. 17-18 желтоқсанда Мдиванидің «Батальон батысқа кетіп барады» деген отан соғысынан алынған картинасы.

*«Балқаш жұмысшысы» газеті 1941ж*

Соғыс Балқаш қаласына тек Мәскеулік театрды ғана көшіріп қойған жоқ. Сол жылдардың бір құжатында – Қарағанды облыстық депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Ергебековтың қолы қойылған 1942 жылдың, 26-қазандағы: «Қарағанды қаласына Киев академиялық театрының жіберілуіне байланысты Қарағанды облыстық орыс драма театрын Балқаш қаласына жіберу» туралы шешімі қала мәдени өмірінің соғыс ауыртпалығына қарамай қалыпты ағыммен өтіп отырғанының көрінісіндей еді.



Әртіс Т.Давыдова  
«Собака на сене»



Әртіс Л.Белкина  
пьеса  
«Человек должен жить»



## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы

жалғасы

Халықтың соғыс қиындығына мойымай, рухының биік болуы мақсатында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының ішіндегі ең жарқын формаларының бірі әрине, сөз бен ән болды. Ұлы Отан соғысы кезінде ақындар айтысы кең өріс алды. Ақындар тыл еңбекшілерін еңбекке үндеп, жұртты жігерлендіре түсті. Осы биік мақсат үшін әр жерде, әр тарапта халық ақындары өзара айтысып, соның бәрін майдан мүддесіне бағыштады.

Арқа даласының ақ иық ақыны, есімі күллі қазаққа мәшһүр болған, Теріскей Балқаштың төл тумасы, 87 жылдық ғұмырының 76 жылын халқының өнері жолына арнаған өр ақын Шашубай Қошқарбаев (1865-1952 жж.) осы игі істердің бел ортасында болды. Соғыс жылдарында Шашубайдың өлеңдері жауға бораған оқтай, сілтенген найзадай болып жатты. Оның жігерлі ұранды өлеңдері майдан жауынгерлерін ерлікке жігерлендіріп, тыл еңбеккерлерін майдан үшін өнімді мол да, сапалы өндіруге үндеді. Жасы 80 –ге келген қарт жырау –Шашубай Балқаштықтардың еңбектегі жеңісін мақтан етіп «Майданға», «Қызыл ту», «Алдымызда пешуші кезең» т.б жырларын жазды.

Соғыс жылдарында халқымыздың сөз өнерінің киелісі – айтыс халықпен қайта табысты. Республикамыздың колхоз, совхоздарында, аудан, қалаларында халық ақындарының кең көлемдегі айтыстары өткізілді. Сөйтіп, айтыс соғыстан күйзелген елдің қайратын шындап, жігерін жанитын қуатты құралға айналды. Айтыс майталмандарының қатарында Шашубай да болды.

Шашубайдың 1943 жылы Қарағанды қаласында Көшен Елеуовпен айтысы өте тартысты әрі қызықты өтті. Халық көп жиналып, Шашекене үлкен құрмет көрсетілді. Балқаштың қарт ақыны мұндай думанды сайыста іркілместен:

Дүниеде завод болса нелер алып,  
Келемін баса көктеп, артқа салып,  
Ертектей елден елге аңыз болып,  
Шығады Балқаш атым жерді жарып,  
Өзендей арнасына қызыл мысы

Сарқырап күндіз-түні жатады ағып...- деп Шашекен Отан соғысы кезінде Балқаш комбинатының социалистік жарыста отыз туды жеңіп алғанын мақтанып айта бастады.



Халық ақыны, әнші, композитор,  
Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген өнер  
қайраткері.



## Соғыс жылдарындағы мәдениет саласы жалғасы

Көшен де әдеп сақтай Шашекене бас ие, сәлем бере:

Шашеке, шаппай желдін  
Алдына әдеппенен сәлем бердім.

Орның бар шабыттанып шарықтауға,

Қырағы қыранысың айдын көлдің-деп,  
Қарағандының көмірін, Теміртаудың темірін  
үзбей майданға беріп жатқанын жырлап  
Шашекенмен сөз таластыра алды. 1943 жылы,  
9-тамызда Балқаш қалалық еңбекшілер  
депутаттары Кеңесінің атқару комитетінің  
шешімімен жергілікті тұрғындар арасынан саяси  
үгіт жұмыстарын насихаттаушылар ретінде  
айтысқа қатысушылар – Қарағанды және Балқаш  
қалаларының ақындары Шашубай Қошқарбаев,  
Көшен Елеуов, Шашубай Қошқарбаевтың  
көмекшісі №517 зауыттың стахановшысы  
Жакыпов, Қарағанды облысы бойынша Қазақ  
КСР Кеңес Одағы жазушылары бюросының  
төрағасы Теміржанов, «Балқаш жұмысшысы»  
газетінің редакторы Т. Ахметовтер бағалы  
сыйлықтарымен марапатталды. 1944 жылы  
Балқаш пен Қоңыраттың жас ақындары Бану  
және Рәш пен Есмұрат арасындағы айтыстың бет  
ашарын өзі айтып, төреші болғанда Шашубай  
еді.

1944 жылы, 15-тамызда Балқаш мыс заводының  
орталық клубында Қазақстан мыс өндіруші  
кәсіпорындары стахановшылар слеті өтті. Слетке  
400 делегат және 100 шақты қонақ қатысты. Слет  
аяқталғанда жазғы театрдың үлкен алаңында  
ақындар айтысы өтті.

Айтыс сайысына Балқаштық Шашубай  
Қошқарбаев пен Жезқазғандық ақын Болман  
Қожабеков түсті. Айтысқа КСРО Түсті  
металлургия Халық комиссары П. Ф. Ломако,  
Қазақстан компартиясының хатшысы Т. А.  
Абабков, ҚазКСР Халық комиссариаты Кеңесі  
төрағасының орынбасары И. Т. Тажиев, Қарағанды  
облыстық партия комитетінің хатшысы Г. С.  
Галайдин қатысты.

